

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қараша N 1400

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Акционерлік қоғамдар туралы"

Осы Заң акционерлік қоғамның құқықтық жағдайын, қызметін, оны құру, қайта құру және тарату тәртібін; акционерлердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды; акционерлік қоғам органдарының құзыретін, құрылу және жұмыс істеу тәртібін; оның лауазымды тұлғаларының өкілеттігін, сайлану тәртібін және жауапкершілігін белгілейді.

1 - т а р а у . Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1-бап. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы

з а ң н а м а с ы

1. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңның нормалары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер банктік және сақтандыру қызметі туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, инвестициялық қорлар мен зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамалық кесімдерде осы Заңмен салыстырғанда өзге нормалар белгіленсе, онда аталған

заңнамалық кесімдердің нормалары қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан басқа ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережесі қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) акционер - акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;
- 2) акция - акционерлік қоғам (бұдан әрі - қоғам) шығаратын және қоғамды басқаруға қатысу, дивиденд түрінде кіріс пен қоғам таратылғаннан кейін оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады;
- 3) қоғамның аффилиирленген тұлғасы - тікелей және (немесе) жанама шешім қабылдауға және (немесе) қоғам қабылдайтын шешімге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шарттың немесе басқа мәміленің қолданылу күшіне ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлға (берілген өкілеттік шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ қоғамның оған қатысты осындай құқығы бар кез келген тұлға;
- 4) дауыс беруші акциялар - қоғамның осы Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы бар орналастырылған жай және артықшылық берілген акциялары;
- 5) дивиденд - акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша қоғам төлейтін кіріс;
- 6) лауазымды тұлға - қоғамның директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі немесе қоғамның атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға;
- 7) білікті көпшілік - қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының үштен екісінен кем болмайтын мөлшердегі көпшілік;
- 8) конверсияланатын бағалы қағаз - конверсияланатын бағалы қағаз шығарған кезде белгіленген шарттармен қоғамның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағазы;
- 9) ірі акционер - қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көп (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп) пайызын тікелей немесе жанама иеленетін, пайдаланатын, басқаратын акционер (өзара жасалған келісім негізінде бірігіп иеленетін, пайдаланатын, басқаратын бірнеше акционерлер);
- 10) кумулятивті дауыс беру - акцияға дауыс берген кезде қатысушылардың әрқайсысына қоғамның алқалы органы мүшелерінің жалпы санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі;
- 11) тәуелсіз директор - қоғамның директорлар кеңесіне сайланардан бұрын үш жыл бойы осы қоғамның аффилиирленген тұлғасы мен оның аффилиирленген тұлғалары болып табылмайтын және болмаған (оны тәуелсіз директор лауазымына қайта сайлаған жағдайды қоспағанда), сондай-ақ осы кезеңде қоғамның аудитіне қатыспаған қоғамның

директорлар кеңесінің мүшесі;

12) жарияланған акциялар - қоғамның жарғысында көзделген және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес шығарылуы уәкілетті орган арқылы тіркелген акциялар;

13) опцион - келісілген баға бойынша және шартта белгіленген мерзім ішінде бағалы қағаздардың белгілі бір түрінің белгілі бір мөлшерін бір тараптың сатып алуға (сатуға) құқығын және екінші тараптың сатып алуға (сатуға) міндеттемесін куәландыратын екі жақты шарт;

14) баспасөз басылымы - қоғам мен оның акционерлері заңнамалық кесімдерге сәйкес немесе соларға сай міндетті түрде жариялануға жататын өздерінің хабарламалары мен басқа да ақпаратын жариялау үшін пайдалануға тиісті, уәкілетті орган белгілеген таралымның мөлшері және оның таралу аймақтары бойынша талаптарға жауап беретін мерзімді баспасөз басылымы;

15) төлем агенті - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

16) орналастырылған акциялар - бағалы қағаздардың бастапқы рыногында инвесторлар төлеген қоғамның акциялары;

17) қоғамның тіркеушісі - қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйым;

18) уәкілетті орган - бағалы қағаздар рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

19) орналастыру бағасы - акцияларды бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орналастырған кезде акцияның белгілеген бағасы.

3 - б а п . А к ц и о н е р л і к қ о ғ а м

1. Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам болып танылады.

Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғам өз міндеттері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

2. Қоғамның акционері қоғамның міндеттемелеріне жауап бермейді және заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің меншік құқығына тиесілі акцияларының шегінде оның қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін көтереді.

3. Қоғам (коммерциялық емес ұйымдардан басқасы) облигациялар және бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығаруға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрыла алады.

5. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін заңнамалық кесімдермен немесе соларға сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанының міндеттілігі белгіленуі мүмкін.

6. Қоғамның "акционерлік қоғам" екендігін көрсететін ұйымдық-құқықтық нысаны немесе оның аты кіруге тиісті фирмалық атауы болады. Қоғамның атынан кейін "АҚ" аббревиатурасын пайдалана отырып қоғамның атауын қысқартуға рұқсат етіледі.

4-бап. Халықтық акционерлік қоғам

1. Меншік капиталының мөлшері кемінде екі миллион айлық есептік көрсеткіш болатын қоғам халықтық акционерлік қоғам деп танылады.

Уәкілетті орган қоғамның өтініші негізінде не уәкілетті органда бар қоғамның меншік капиталының мөлшері туралы мәлімет негізінде оны халықтық акционерлік қоғам деп таниды.

Қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану, сондай-ақ халықтық акционерлік қоғамның мәртебесі жойылды деп тану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Халықтық акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын сатып алу-сату ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында ғана жүзеге асырылады.

3. Қоғамның халықтық акционерлік қоғам мәртебесі:

1) ол таратылған немесе қайта құрылған (осы қоғамға басқа қоғамды қосқан және осы қоғамнан бір немесе одан да көп жаңа қоғамдарды бөліп шығарған жағдайларды қоспағанда);

2) меншік капиталының кемінде екі миллион айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің он екі айдан астам мерзімге азайған жағдайларда ғана жойылады.

2-тарау. ҚОҒАМДЫ ҚҰРУ

5-бап. Қоғамның құрылтайшылары

1. Қоғамды құру туралы шешім қабылдаған жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.

Мемлекеттік кәсіпорын қоғамның құрылтайшысы болуға және меншік иесінің және мемлекеттік басқару органының осы кәсіпорынға қатысты өкілеттігін жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімімен ғана қоғамның акцияларын сатып алуға құқылы.

3. Қоғамның құрылтайшысы жалғыз тұлға болуы мүмкін.

4. Қоғамның құрылтайшылары қоғамды құруға байланысты және ол мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін туындаған шығыстарды төлеу жөнінде бірге жауап береді. Кейіннен осындай шығыстарды қоғам құрылтайшыларының жиналысы немесе акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдаған жағдайда ғана қоғам өз құрылтайшыларына мұндай шығыстарды өтейді.

6-бап. Құрылтай жиналысы. Жалғыз құрылтайшы

1. Қоғам өз құрылтайшылары жиналысының (құрылтай жиналысының) шешімі бойынша құрылады. Қоғамды жалғыз тұлға құрған жағдайда қоғамды құру туралы шешімді осы тұлға жеке дара қабылдайды.

Қоғам осы Заңда және басқа да заңнамалық кесімдерде белгіленген тәртіппен бар заңды тұлғаны қайта құру арқылы құрылуы мүмкін.

2. Алғашқы құрылтай жиналысында құрылтайшылар:

1) қоғамды құру туралы шешім қабылдайды және қоғамды құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін белгілейді;

2) құрылтай шартын жасайды;

3) құрылтайшылар төлейтін жарғылық капиталының мөлшерін белгілейді;

4) жарияланған акциялардың, сондай-ақ құрылтайшылар төлеуге тиісті акциялар санын белгілейді;

5) шығаруға жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды;

6) қоғамның тіркеушісін таңдайды;

7) мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін құжаттарға қоғамның атынан қол қоюға уәкілетті адамдарды сайлайды;

8) қоғам құрылтайшыларының жарғылық капиталды төлеуге енгізілетін мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалайтын адамдарды анықтайды;

9) қоғамның ұйымдары құрылғанға дейін қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және үшінші тұлғалар алдында оның мүддесін білдіруге уәкілетті адамдарды сайлайды;

10) қоғамның жарғысын бекітеді.

3. Акцияларды орналастырғанға дейін құрылтайшылардың бірнеше жиналысын өткізуге рұқсат етіледі. Мұндайда алғашқы құрылтай жиналысында қабылданған шешімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтай жиналыстарына құрылтай шартының барлық тараптары қатысқан жағдайда ғана рұқсат етіледі.

4. Қоғамның алғашқы құрылтай жиналысында құрылтайшылардың әрқайсысының

бір дауысы болады. Егер құрылтай шартында басқаша белгіленбесе, екінші және онан кейінгі құрылтай жиналыстарында құрылтайшылардың әрқайсысының бір дауысы болады.

5. Қоғам акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы өткізілгенге дейін

оның құрылтайшылары (жалғыз құрылтайшысы) қоғамды тарату туралы шешім қабылдауға құқылы.

6. Құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшының) шешімдері қоғамның барлық құрылтайшылары (жалғыз құрылтайшысы) қол қоюға тиісті хаттамамен ресімделеді.

7-бап. Құрылтай шарты. Жалғыз құрылтайшының шешімі

1. Құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде):

1) қоғамның құрылтайшылары (құрылтайшысы) туралы мәліметтер болады, оған қоса:

заңды тұлғаға қатысты: оның атауы, мекен-жайы, мемлекеттік тіркелгені туралы деректер;

жеке тұлғаға қатысты: аты, азаматтығы, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттағы деректер;

2) қоғамның құрылғаны туралы жазба, қоғамның толық және қысқартылған атауы, сондай-ақ оны құру тәртібі;

3) құрылтайшылар (құрылтайшы) төлейтін жарғылық капиталдың мөлшері, сондай-ақ оны төлеу мерзімі мен тәртібі;

4) акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырылатын (құрылтайшы сатып алатын) жарияланған акцияларының саны, түрлері және орналастыру бағасы;

5) оның құрылтайшыларының құқықтары мен міндеттері және қоғам құруға байланысты шығыстарды бөлу, сондай-ақ құрылтайшылардың қоғам құру жөніндегі қызметін жүзеге асырудың өзге де талаптары (тек құрылтай шарты үшін);

6) қоғамды құру және мемлекеттік тіркеу процесінде оның мүддесін білдіру тапсырылған тұлғалардың өкілеттіктерін айқындау;

7) қоғам құрылтайшыларының екінші және одан кейінгі жиналыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ әрбір қоғам құрылтайшысының екінші және одан кейінгі құрылтай жиналыстарындағы дауыс саны (тек құрылтай шарты үшін);

8) қоғамның жарғысын бекіту туралы жазба;

9) басқа заңнамалық кесімдерге сәйкес қоғамның құрылтай шартына (жалғыз

құрылтайшының шешіміне) енгізілуге тиісті өзге де талаптар.

2. Құрылтайшылардың шешімі бойынша құрылтай шартына (жалғыз құрылтайшының шешіміне) басқа да талаптар енгізілуі мүмкін.

3. Құрылтай шартының (жалғыз құрылтайшы шешімінің) қолданылу кезеңінде осы Заңның 6-бабының 3-тармағында белгіленген талаптар сақталған жағдайда оның тараптары (құрылтайшысы) оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

4. Құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) айтылған мәліметтер, егер шарттың өзінде (жалғыз құрылтайшының шешімінде) басқаша көзделмесе, коммерциялық құпия болып табылады. Құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) мемлекеттік органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қоғамның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жағдайларда ғана берілуге тиіс.

5. Қоғам құру туралы құрылтай шартының (жалғыз құрылтайшы шешімінің) қолданылуы жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеген күннен бастап
т о қ т а т ы л а д ы .

8-бап. Құрылтай шартын жасау тәртібі (жалғыз құрылтайшының шешімін ресімдеу)

1. Қоғамның құрылтай шарты әрбір құрылтайшы немесе оның уәкілетті өкілі шартқа қол қою жолымен жазбаша нысанда жасалады.

Жалғыз құрылтайшының шешімі жазбаша ресімделіп, құрылтайшы немесе оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Құрылтай шартын (жалғыз құрылтайшының шешімін) нотариат куәландырады.

2. Жеке тұлға құрылтайшының қойған қолының түпнұсқалығын нотариат куәландырады.

Заңды тұлға құрылтайшы өкілінің қолы заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Құрылтайшылардың өкілдерінің (құрылтайшы өкілінің) заңнамаға сәйкес ресімделген, құрылтайшылардың жиналысына қатысу және құрылтай шартына қол қою құқығын қоса алғанда, қоғам құру құқығын беретін тиісті өкілеттіктері болуы керек.

9 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң ж а р ғ ы с ы

1. Қоғамның жарғысы қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады және қоғамды мемлекеттік тіркеген кезде құрылтай құжаты ретінде қарастырылады. Жарғыға құрылтайшылар (құрылтайшы) не олардың уәкілетті өкілдері (уәкілетті өкілі) қол қоюға тиіс және нотариат куәландырады.

2. Қоғамның жарғысында мынадай ережелер болуға тиіс:

1) қоғамның толық және қысқартылған атауы;

2) қоғамның мекен - жайы;

3) қоғамның жарияланған акцияларының саны, түрлері және акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер, оған қоса қоғамның артықшылық берілген акциялармен куәландырылған құқықтарының көлемі және олар бойынша дивидендтердің кепілдік берілген мөлшері;

4) құрылтайшылар (құрылтайшы) төлейтін жарғылық капиталдың мөлшері, сондай-ақ акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырылатын (құрылтайшы сатып алған) жарияланған акцияларының саны, түрлері және орналастыру бағасы;

5) қоғамның органдарын құру тәртібі және құзыреті;

6) қоғамның органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі, оған қоса: қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын және алқалы органдарының мәжілісін шақыру, әзірлеу және өткізу тәртібі;

қоғам органдарының шешімдер қабылдау тәртібі, оның ішінде шешімдері білікті көпшілік дауыспен қабылдануға тиісті мәселелердің тізбесі;

7) қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі;

8) егер қоғам коммерциялық емес ұйым болып саналса: қоғамның коммерциялық емес ұйым екендігін көрсету, дауыс беру рәсімі, дивидендтер төлемеу туралы ережелер мен осы заңда және коммерциялық емес ұйым туралы заңнамалық кесімдерде белгіленген басқа да талаптар;

9) қоғам қызметінің тоқтатылу шарттары;

10) өзге де ережелер.

3. Барлық мүдделі тұлғалар қоғамның жарғысымен танысуға құқылы. Қоғам акционердің талап етуі бойынша оған қоғамның жарғысымен, сонымен бірге оның кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам үш жұмыс күні ішінде жарғының көшірмесін беру туралы акционердің талабын орындауға міндетті. Қоғам акционерге жарғының көшірмесін бергені үшін көшірме даярлауға, ал жеткізу қажет болғанда жеткізуге жұмсалған шығыстардан аспайтын ақы алуға құқылы.

4. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен

Қоғамның үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыруға құқылы.

3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ КАПИТАЛЫ

10-бап. Қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшері

Қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшері заңнамалық кесімдерде

өзгеше көзделмеген болса, екі жүз мың айлық есептік көрсеткіш болады.

11-бап. Қоғамның жарғылық капиталы

Құрылтайшылар төлейтін жарғылық капиталдың мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшерінен кем болмауға тиіс және құрылтайшылар оны қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген кезге қарай толық төлеуге тиіс.

4-тарау. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

12-бап. Қоғамның акциялары туралы жалпы ережелер

1. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылық берілген акциялар шығаруға құқылы.

2. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдардың артықшылық берілген акциялар шығаруға құқығы жоқ.

3. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

4. Акцияның бір түрі оған ие болатын әрбір акционерге осындай акция түрлерінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқық береді.

5. Заңнамалық кесімдермен:

- 1) қоғамның акцияларымен мәмілелер жасауға;
- 2) қоғамның жарғыда көзделуге тиісті акцияларының бір акционерге тиесілі ең аз санына және қоғамның бір акционеріне берілетін акциялар бойынша ең аз дауыс санына шектеулер белгіленуі мүмкін.

13-бап. Қоғамның жай және артықшылық берілген акциялары

1. Жай акция акционерге дауыс беруге енгізілген барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын және қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын береді.

2. Акционерлер - артықшылық берілген акцияларды иеленушілер акционерлердің қоғамның жарғысында белгіленгендей күні бұрын айқындалған кепілдік мөлшерде

дивидендтер алуға және қоғам таратылғаннан кейін осы Заңда белгіленген тәртіппен қалған мүліктің бір бөлігін алуға жай акцияларды иеленуші акционерлер алдында а й р ы қ ш а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Қоғамның артықшылық берілген акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

3. Артықшылық берілген акция, осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

4. Артықшылық берілген акция акционерге мынадай жағдайда қоғамды басқаруға қ а т ы с у қ ұ қ ы ғ ы н б е р е д і , е г е р :

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша артықшылық берілген акцияларды иеленуші акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерді қараса. Шектеу қою үшін артықшылық берілген акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе

жөнінде шешім қабылданды деп есептеледі;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылық берілген акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбейтін болса.

14-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

1. Қоғамның акционері:

1) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) қоғамның қызмет туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қ а р ж ы л ы қ е с е б і м е н т а н ы с у ғ а ;

4) оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын тіркеушіден немесе нақты ұ с т а у ш ы д а н к ө ш і р м е л е р а л у ғ а ;

5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне с а й л а у ү ш і н к а н д и д а т у р а ұ с ы н у ғ а ;

6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратумен өтініш беруге және қоғамға сұрату түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алуға;

- 8) қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігіне;
- 9) осы заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғам акцияларын немесе бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға құқылы.

2. Ірі акционер сондай-ақ:

- 1) қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге;
- 2) қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өз есебінен

шақыруға және ұйымдастыруға немесе оны шақыру туралы сотқа шағым-талаппен өтініш беруге;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыратын бастамашыға жиналыстың күн тәртібіне осы Заңға сәйкес қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

4) қоғамның тіркеушісінен акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу мақсатында қоғам акционерлері тізімінің көшірмесін алуға;

5) қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

6) қоғамның есебінен қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге құқылы.

3. Акционерлердің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғамның жарғысында акционерлердің өзге де құқықтары көзделуі мүмкін.

15-бап. Қоғам акционерлерінің міндеттері

Қоғамның акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) қоғамның тіркеушісіне немесе осы акционерге тиесілі акцияларды нақты ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы он күн ішінде хабарлап отыруға;

3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік не коммерциялық құпиясы бар а қ п а р а т т ы ж а р и я е т п е у г е ;

4) осы Заңда белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

16-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын айрықша сатып алу құқығы

1. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына конверсияланатын басқа бағалы қағаздарды, сондай-ақ бұрын сатып алынған бағалы қағаздарды орналастырғысы келетін қоғам оларды сатқанға дейін жазбаша хабар жіберу немесе баспасөз басылымында жариялау арқылы өз акционерлеріне тең талаптармен, оларда

бар акцияларға бара-бар, бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген баға бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға м і н д е т т і .

2. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды айрықша сатып алу құқығын сату тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

17-бап. Қоғамның шығарылған жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркеу

1. Қоғам шығарылған жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу үшін оның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап бір ай ішінде құжаттар ұсынуға міндетті.

Егер қоғамның жарғысында осы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылмаса, қоғамның акцияларын оның жарияланған акциялары саны шегінде орналастыру туралы шешімді қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

18-бап. Қоғамның акцияларын орналастыру

1. Қоғам акциялардың шығарылуын мемлекеттік тіркегеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы.

Акцияларды орналастыру аукциондар, жазылым және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Халықтық акционерлік қоғам өзінің акцияларын жазылым арқылы таратуға құқылы емес.

2. Қоғамның жазылым арқылы орналастырылатын акциялары қоғамның директорлар кеңесі белгілеген орналастыру бағасы бойынша сатылады, осыған орай акцияларды орналастыру бағасы осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алушы адамдар үшін бірыңғай болуы тиіс.

19-бап. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі

1. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды тіркеуші ғана жүзеге асырады, ол қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының

аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

2. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасау, жүргізу және сақтау, сондай-ақ ол бойынша ақпарат ұсыну тәртібін бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада белгіленеді.

3. Қоғам өз акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу мақсатында тіркеушімен қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасау, жүргізу және сақтау жөніндегі қызмет көрсету туралы шартты құжаттарды ұсынуға дейін жасауға міндетті.

4. Орналастырылатын акцияны толық төлегенге дейін қоғамның осы акцияны оны сатып алушының қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі есепшотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

20-бап. Қоғам акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп

1. Қоғам уәкілетті органға қоғамның жарияланған акцияларын толық орналастырғанға дейін не оларды толық орналастырғаннан кейін әрбір алты айдың (есепті жарты жылдық аяқталғаннан кейін бір ай ішінде) қорытындылары бойынша өз акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп беруге міндетті.

2. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептің мазмұнын және ұсыну тәртібін, сондай-ақ осы есепті қарау және бекіту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Қоғамның ақшаны және қоғамның құрылтайшылары акцияларды төлеуге енгізген басқа да мүлікті қоспағанда, уәкілетті органның акцияларды орналастыру туралы есепті бекіткенге дейін ақшаны және акцияларды төлеуге алынған басқа да мүлікті жұмсауға құқығы жоқ.

21-бап. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу

1. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар, интеллектуалдық меншік объектілері және басқа да мүлік енгізілуі мүмкін.

Қоғамның орналастырылатын акцияларын шетел валютасымен төлеу Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақшадан басқа мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы белгілеген баға бойынша жүзеге асырылады.

2. Егер қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқық осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшеріне қарай қоғамның оны пайдаланған барлық мерзіміне бағаланады. Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін қоғам акционерлері жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті алуға тыйым салынады.

3. Қоғамға өзінің жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы

рыногында орналастырған кезде сатып алуға тыйым салынады.

22-бап. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер

1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында бағалы қағаздармен дивидендтер төлеу туралы шешім қоғамның білікті көпшілік дауыс беруші акцияларымен қабылданған жағдайда ғана ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге осындай төлем жарияланған акциялар және қоғам шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі. Сонымен бірге мұндай төлем қоғам акционерінің қоғамның бағалы қағаздарын айрықша сатып алу құқығын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу кезеңін қоғамның жарғысы және (немесе) акцияларды шығару проспектісі белгілейді.

3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлем агенті арқылы төленуі мүмкін.

4. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5. Қоғамның акциялары бойынша:

1) меншік капиталының теріс мөлшері болған кезде немесе егер қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болған кезде;

2) егер ол банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем жасау қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе не осы белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

3) егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтерді төлеуге тыйым салынады.

6. Акционер қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, акционерге ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйене отырып есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы және өсімпұл төленеді.

7. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

23-бап. Жай акциялар бойынша дивидендтер

1. Қоғамның жарғысында басқаша көзделмеген болса, қоғамның жай акциялары бойынша тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындылары жөнінде дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғамның осы органдары қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді оны қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде баспасөз басылымында міндетті түрде жариялай отырып қабылдауға құқылы.

2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім

қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл шешім баспасөз басылымында жариялануы тиіс.

3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) қоғамның атауы, мекен-жайы және басқа да деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегенде дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталған күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

24-бап. Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер

1. Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеу қоғам органының шешімін талап етпейді.

Бір артықшылық берілген акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігін және дивидендтің мөлшерін қоғамның жарғысы белгілейді. Артықшылық берілген акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезеңге есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек.

Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

2. Артықшылық берілген акция бойынша дивидендтің кепілдік мөлшері оның мәні тұрақты және жалпыға мәлім болған жағдайда қандай да болмасын көрсеткішке қатысты белгіленген әрі индекстелген түрде белгіленуі мүмкін.

25-бап. Қоғамның акцияларымен мәмілелер жасау

1. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында қоғамның дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын сатып алғысы келетін тұлғаның өзі немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесе отырып, бұл туралы қоғамға және уәкілетті органға өзі белгілеген тәртіппен хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада сатып алынатын акциялардың саны, болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтер және уәкілетті органның талап етуі бойынша басқа да мәліметтер болуы тиіс.

2. Қоғамның акционерлердің қоғамның акцияларын сатуына бөгет жасауға құқығы жоқ. Қоғам қоғамның акцияларын сатқысы келетін тұлғаға оларды қоғамның өзі немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан асатын баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және үшінші тұлғалар акцияларды сатып алған жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер болуы тиіс.

3. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында қоғамның дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесе отырып сатып алған тұлға сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде басқа акционерлерге оларға тиесілі қоғамның акцияларын сатуға ұсынысты баспасөз басылымында жариялауға міндетті. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап отыз күннен аспайтын мерзімде оларды сату туралы ұсынысты қабылдауға немесе осындай ұсыныстан бас тартуға құқылы.

Акционерлерге оларға тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныста аттарын (атауларын), мекен-жайларын (тұрғылықты жерлерін), оларға тиесілі акциялардың санын қоса есептегенде қоғамның дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын сатып алған тұлға және оның аффилиирленген тұлғалары туралы және ұсынылып отырған акцияларды сатып алу бағасы туралы деректер болуы тиіс.

Акционердің оған тиесілі акцияларды сату туралы жазбаша келісімін алған жағдайда сатып алу туралы ұсынысты жариялаған тұлға отыз күн ішінде акцияларды т ө л е у г е м і н д е т т і .

Осы тармақта көрсетілген акцияларды сатып алу тәртібін сақтамаған жағдайда, қоғамның дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын иеленуші тұлға (тұлғалар) өздерімен аффилиирленбеген тұлғаларға оған (оларға) тиесілі қоғамның дауыс беруші акцияларының жиырма тоғыз пайызынан асатын акцияларының бір бөлігін иеліктен шығаруға міндетті.

4. Өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысқа жауап ретінде өтініш берген қоғамның акционері осы ұсынысты жариялаған тұлғаның акцияларды сатып алудан бас тартуына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

26-бап. Орналастырылған акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы акционерден акцияларды қоғамның мәжбүрлеп сатып алу туралы сотқа өтініш беру жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

27-бап. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды
с а т ы п а л у

1. Орналастырылған акцияларды сатып алу қоғамның бастамасы бойынша оларды кейіннен сату немесе жою мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаға және қоғамның жарғысына қайшы келмейтін басқа да мақсаттарда жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

2. Егер осы заңда және (немесе) қоғамның жарғысында басқаша көзделмесе, қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3 . Қ о ғ а м н ы ң :

- 1) акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
- 2) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгенге дейін;
- 3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде қоғамның меншік капиталының мөлшері осы заңда белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;
- 4) егер акцияларды сатып алу кезінде қоғам банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем жасау қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер қоғамда оның барлық талап етілетін немесе сатып алуға болжанатын акцияларын сатып алу нәтижесінде пайда болса;
- 5) егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

4. Егер қоғамның бастамасы бойынша сатылатын оның орналастырылған акцияларының саны оның жалпы санынан бір пайыз асатын болса, ол осындай сатып алу туралы өзінің акционерлеріне хабарлауға міндетті.

Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы хабарламасында өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі және сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуы тиіс және ол баспасөз басылымында жариялануы тиіс.

5. Егер қоғамның оның акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны қоғамның сатып алуы мүмкін акциялардың санынан асқан жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына теңбе-тең с а т ы п а л ы н а д ы .

28-бап. Акционердің талап етуі бойынша орналастырылған
а к ц и я л а р д ы с а т ы п а л у

1. Қоғам орналастырылған акцияларды акционерлердің жалпы жиналысы мынадай шешімдерді қабылдаған жағдайларда қойылуы мүмкін қоғам акционерінің талап етуі бойынша сатып алуы тиіс:

1) қоғамды қайта ұйымдастыру туралы (егер акционер қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан болса және оған қарсы дауыс берсе);

2) қоғамның ірі мәміле жасауға немесе мүдделі тұлғалардың қатысуымен мәміле жасауға рұқсат беру туралы (егер акционер осындай шешім қабылдау туралы мұндай мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан болса және ол оны қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса, немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе).

2. Акционер акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде қоғамға оған тиесілі акцияларды жазбаша - өтініш жіберу арқылы сатып алу туралы талап қоюға құқылы.

Аталған өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде қоғам акционерден акционерлердің жалпы жиналысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешімдердің біреуін қабылдаған күнгі жағдай бойынша қоғамның меншік капиталы мөлшерінің ол орналастырған акциялардың жалпы санының ара қатынасына сүйене отырып белгіленген баға бойынша акцияларды сатып алуға міндетті. Акционерлік қоғам нысанында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымның акциялар сатып алуы акционердің акцияларды сатып алуды талап ететін акциялар сатып алатын күнгі белгіленген орналастыру бағасы бойынша жүзеге асырылады.

3. Егер қоғамның оның акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны қоғам сатып алуы мүмкін акцияларының санынан асқан жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына теңбе-тең сатып алынады.

4. Қоғамға акцияларды сатып алу туралы талап қойған акционер қоғамның осындай сатып алудан бас тартуына, сондай-ақ өзі онымен келіспеген жағдайда акцияларды сатып алу бағасына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

29-бап. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы бойынша шектеулер

1. Қоғам сатып алатын орналастырылған акцияларының саны ол орналастырған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс, ал қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсалған шығыстар оның меншік

капиталы мөлшерінің он пайызынан аспауы тиіс:

1) акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған кезде - акционерлердің жалпы жиналысында осы Заңның 28-бабының 1-тармағында көрсетілген шешімдердің біреуін қабылдаған күнгі жағдай бойынша;

2) қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған кезде - қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.

2. Қоғамның сатып алған акциялары оның акционерлері жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде ескерілмейді және дауыс беруге қатыспайды.

30-бап. Қоғамның акцияларына опциондар

1. Қоғам бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес қоғам шығаратын опцион тарапының (сатып алушының) акцияларды мынадай талаптары сақталған жағдайда сатып алуына опциондар жасауға (сатуға) құқылы:

1) осындай опциондардың мәні болып табылатын қоғам акцияларының саны қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының саны арасындағы айырмашылықтан аспауы тиіс;

2) халықтық акционерлік қоғам деген мәртебесі бар қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санының бір және одан да көп пайызы болатын мөлшерде мәні қоғамның акциялары болып табылатын опциондарды жасау (сату) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының рұқсатымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Қоғамға опциондарды және басқа да міндеттемелерді жасауға (сатуға немесе сатып алуға) тыйым салынады, соған сәйкес қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуды өзінің міндетіне алады.

3. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар опциондар жасай алмайды.

31-бап. Қоғамның конверсияланатын бағалы қағаздары

1. Егер қоғамның жарғысында конверсияланатын бағалы қағаздарды шығарудың мүмкіндігі көзделген болса ғана оны шығаруға құқылы.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдардың конверсияланатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы жоқ.

2. Акцияларға конверсияланатын қоғамның бағалы қағаздарын шығаруға қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде жол беріледі.

3. Қоғамның бағалы қағаздарын конверсиялау талаптары мен тәртібін конверсияланатын бағалы қағаздардың шығару проспектісі белгілейді.

4. Уәкілетті орган қоғамның конверсияланатын бағалы қағаздарды шығару және оларды қоғамның басқа да бағалы қағаздарына конверсиялау тәртібіне қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

32-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге беру

1. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге салу құқығын қоғам жарғысының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

Егер кепіл талаптарында басқаша көзделмесе, акционердің дауыс беру және өзі салған акция бойынша дивидендтер алу құқығы бар.

2. Қ о ғ а м :

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленсе;
2) қоғамға кепілге берілетін және оның кепіліндегі бағалы қағаздардың жалпы саны қоғамның төленген жарғылық капиталының он пайызынан аспаса;

3) кепіл шартын қоғам директорлар кеңесі мақұлдаса, егер қоғам жарғысында басқаша белгіленбесе өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

3. Қоғам орналастырған және оның кепіліндегі акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде ескерілмейді және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін қабылдауға қатыспайды.

4. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада белгіленеді.

33-бап. Қоғамның акцияларын мемлекет меншігіне беру арқылы қоғамның бюджет алдындағы мерзімі өткен берешегін өтеу

1. Егер қоғамның салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері бойынша үш айдан астам мерзімі өткен берешегінің (бұдан әрі - мерзімі өткен берешек) және бюджеттің қоғам алдындағы мерзімі өткен берешегі арасындағы айырмашылық қоғамның жарғылық капиталы мөлшерінен кемінде үштен бір бөлігі болса, салық органы қоғамның акцияларын мемлекет меншігіне беру арқылы берешегін өтеу жөнінде ұсыныспен мерзімі өткен берешегінің бар екендігі туралы қоғамға хабарлайды.

2. Қоғамның салық берешегін өтеу кезінде акциялардың саны және оларды орналастыру бағасы қоғамның бухгалтерлік есебінің деректері немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін бағалау негізінде салық органымен келісім бойынша белгіленеді. Бағалаушы акцияларды орналастыру бағасын белгілеген жағдайда бағалауға байланысты шығын қоғамға жүктеледі.

3. Қоғамның атқарушы органы салық органының қоғам акцияларын мемлекет меншігіне беру арқылы мерзімі өткен берешекті өтеу туралы хабарын алған күннен бастап үш күн ішінде осы Заңда белгіленген тәртіппен аталған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі туралы жазбаша хабарлама салық органына шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі.

4. Қоғамның акцияларын мемлекет меншігіне беру арқылы қоғамның мерзімі өткен берешегін өтеу қоғамның жарияланған акциялары санының шегінде жүзеге асырылады. Егер қоғамның барлық жарияланған акциялары орналастырылған жағдайда немесе олардың саны мерзімі өткен берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы осы Заңда және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту және оларды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды.

5. Мерзімі өткен берешекті өтеу есебіне мемлекет меншігіне берілген қоғам акцияларының ұстаушысы мемлекет меншігін басқаруға уәкілетті мемлекеттік орган б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қоғамның мерзімі өткен берешегі қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімінде мәміленің тіркелген сәтінен бастап өтелді деп саналады.

6. Қоғам өз акцияларын мемлекет меншігіне беру арқылы мерзімі өткен берешегін өтеуден бас тартқан жағдайда салық органы мерзімі өткен берешекті өтеу мақсатында акцияларды мемлекет меншігіне мәжбүрлеп беру туралы шағыммен сотқа өтініш беруге құқылы.

7. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларын беру арқылы мерзімі өткен берешек өтелмейді.

5-тарау. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

34-бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беруші акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда - осы акционер);

2) басқару органы - директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - алқалы орган немесе атауын қоғамның жарғысы белгілейтін

қоғамның атқарушы органының қызметін жеке жүзеге асыратын тұлға;
4) заңнамалық кесімдерге және (немесе) қоғамның жарғысына сәйкес өзге де
о р г а н д а р б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қоғамның жарғысында қоғамның ішкі аудит қызметін құру көзделуі мүмкін.
Халықтық акционерлік қоғамдарда ішкі аудит қызметінің болуы міндетті болып
т а б ы л а д ы .

3. Бұрын мемлекеттік реттеудің уәкілетті органының мемлекеттік қызметшісі болып
табылған және өзінің қызметтік міндеттері бойынша қоғам қызметіне мемлекет
тарапынан қадағалау бойынша өкілеттіктері болған жеке тұлға осындай өкілеттік
тоқтатылған күннен бастап бір жылдың ішінде барлық дауыс беруші акциялары
мемлекетке тиесілі қоғамның органдарын қоспағанда, осы қоғамның органына сайлана
а л м а й д ы .

35-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып
б ө л і н е д і .

Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті.
Қоғам акционерлерінің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Қоғам акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акцияларды
мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін шақырылады және өткізіледі.

2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысы қоғамның жылдық қаржылық
есебін бекітеді, өткен қаржылық жылдағы қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін және
қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін белгілейді. Акционерлердің
жылдық жалпы жиналысы қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне
жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға
қ ұ қ ы л ы .

3. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан
кейін бес айдың ішінде өткізілуі тиіс.

Есеп берілетін кезеңдегі қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған
жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

4. Барлық акциялары жалғыз акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің жалпы
жиналысы өткізілмейді. Осы Заңмен және қоғамның жарғысымен акционерлердің
жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді
мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

5. Егер қандай да болмасын тұлға қоғамның барлық дауыс беруші акцияларына
иелік еткен жағдайда, ол егер қабылданған шешім артықшылық берілген акциялар
куәландырған құқыққа нұқсан келтірмесе және шектеу қоймаса акционерлердің жалпы
жиналысын өткізбестен осы Заңда және қоғам жарғысында акционерлердің жалпы

жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдауға құқылы және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

6. Егер осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларда қоғамның жалғыз акционері немесе қоғамның барлық дауыс беруші акцияларын иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, онда осы Заңмен және қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе оған (оларға) берілген өкілеттіктерге сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар органы, лауазымды тұлғасы (лауазымды тұлғалары) немесе қызметкері (қызметкерлері) қ а б ы л д а й д ы .

36-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыреті

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер ж а т қ ы з ы л а д ы :

1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа р е д а к ц и я с ы н б е к і т у ;

2) заңнамалық кесімдерде көзделгеннен басқа жағдайларда қоғамды ерікті түрде қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р у немесе т а р а т у ;

3) акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдау және қоғамның жарияланған а к ц и я л а р ы н ы ң с а н ы н өзгерту;

4) қоғамның есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу оның мүшелерін сайлау және олардың (оның) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын т о қ т а т у ;

5) қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу , оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен төлеу талаптарын а н ы қ т а у ;

6) қоғамның аудиторлық ұйымын анықтау;

7) қоғамның жылдық есебін бекіту;

8) есепті қаржылық жылдағы қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту ;

9) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтық сомамен жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда - он) және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қ а т ы с у ы т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

10) қоғаммен ірі мәмілелерді және оларды жасауға қоғамның мүдделілігі бар

мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

11) қоғам міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;

12) қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөзде орналастыру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

13) қоғам акцияларды бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;

14) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

15) мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбеген жағдайда ғана, баспасөз басылымын белгілеуді қоса алғанда, қоғам қызметі туралы акционерлердің ақпарат б е р у т ә р т і б і н б е л г і л е у ;

16) шешім қабылдау осы Заңмен және қоғам жарғысымен қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тікелей құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен, ал инвестициялық жекешелендірілген қорды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған қоғамда - қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беруші акцияларының білікті көпшілік д а у ы с ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

Өзге мәселелер бойынша қоғам акционерлері жалпы жиналысының шешімдері, егер осы заңда және қоғам жарғысында басқаша белгіленбесе, қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыспен қ а б ы л д а н а д ы .

Қоғам жарғысы қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді қабылдау үшін қажетті дауыс санын осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілгеннен көп санмен белгілемейді.

3. Сонымен бірге қоғам жарғысы акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне қоғам қызметінің басқа да мәселелерін жатқыза алады.

Егер осы Заңда және басқа да заңнамалық кесімдерде басқаша

көзделмесе, шешім қабылдау қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге тыйым салынады.

4. Егер жарғыда басқаша айқындалмаса, қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

37-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру тәртібі

1. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

2. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу үстіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақырады, әзірлейді және өткізеді.

Заңнамалық кесімдерде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын:

1) қоғамның атқарушы органы;

2) қоғамның атқарушы органының тапсырмасы бойынша және қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;

3) ірі акционер;

4) қоғамның тарату комиссиясы әзірлейді және өткізеді.

4. Осы заңда белгіленгеннен басқа жағдайларда қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруға, әзірлеуге және өткізуге жұмсалған шығыстарды қоғам өтейді.

5. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қоғамның органдары осы заңда белгіленген жылдық жалпы жиналысты шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның шағым талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы егер ол кезектен тыс жалпы жиналысын шақыратын, әзірлейтін және өткізетін мүмкіндігі болған жағдайда қоғамның ірі акционерінің шағым талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Сот жиналыс өткізуге белгілі бір уақытты және орынды, оның күн тәртібін белгілеуі, жалпы жиналысты өткізу туралы ақпараттың мазмұнын белгілеуі және жалпы жиналыстың мақсатына қол жеткізу үшін қажетті басқа жағдайларды да айқындауы мүмкін.

38-бап. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері

1. Директорлар кеңесіне қоғамның мекен-жайына қоғам акционерлерінің кезектен

тыс жалпы жиналысының күн тәртібі жазылған тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осындай жиналысты шақыру туралы талап қойылады.

2. Қоғамның директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күннің ішінде шешім қабылдауға және қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға өзінің келісім бергені не бас тарту себебін көрсете отырып шақырудан бас тартқаны туралы хабарламаны осы талапты қойған тұлғаға жіберуге міндетті. Директорлар кеңесі қойылған талапқа сәйкес қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға келісім берген жағдайда жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

3. Директорлар кеңесі ірі акционердің талап етуі бойынша қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда ол қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға, әзірлеуге және өткізуге құқылы. Мұндай жағдайда жиналысты шақыруға, әзірлеуге және өткізуге байланысты шығыстар осы ірі акционерге жүктеледі.

4. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу мақсатында ірі акционер сұратқан акционерлердің тізімін қоғамның тіркеушісі оған қоғам тіркеушісінің тиісті сұратуын алған күннен бастап жиырма күннің ішінде беруі тиіс. Аталған тізім тіркеушінің сұратуды алған күні жасалуы тиіс.

39-бап. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі

1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде қоғам тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленбеуі тиіс.

Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.

2. Егер жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға тізім жасалғаннан кейін қоғамның оған тиесілі дауыс беруші акцияларын басқа біреуге берсе, жаңа акционер жиналысқа қатысуға құқылы болады. Мұндай жағдайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттары ұсынылуы тиіс.

40-бап. Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізетін күнді, уақытты және орынды белгілеу оған қатысу құқығы бар тұлғалардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай болып белгіленуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғам орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуі тиіс.

2. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу

уақыты қоғамның есеп комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, санау үшін және оның кворумын анықтауға мүмкіндік беретіндей жеткілікті уақытты қамтамасыз е т у і т и і с .

41-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

1. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы оны өткізу туралы акционерлерге жиналыс өткізілетін күннен кемінде 30 күн бұрын (халықтық акционерлік қоғамға - кемінде 45 күн бұрын), ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - кемінде 45 күн бұрын хабарлауға міндетті.

2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру баспасөз басылымында жариялануы және (немесе) акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлануы тиіс. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы оны өткізу туралы баспасөз басылымынан басқа, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қосымша хабарлауға құқылы.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

1) қоғамның толық атауы және мекен-жайы;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақытының басталуы, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмеген жағдайда өткізілуге тиісті қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қайталап өткізу күні және уақыты;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімі ж а с а л ғ а н к ү н ;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдармен т а н ы с т ы р у т ә р т і б і ;

7) егер осы қоғам инвестициялық жекешелендірілген қор болып табылса немесе инвестициялық жекешелендірілген қорды қайта құрудың нәтижесінде ұйымдастырылған болса, - қордың толық атауы және кейін оларды купондық аукциондарға салу үшін жекешелендірілген инвестициялық купондарды шоғырландыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның номері болуы т и і с .

42-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қайталап өткізу қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын бастау белгіленген күннен кейінгі келесі күннен е р т е б е л г і л е н б е й д і .

2. Қоғам акционерлерінің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін, соның орнына қайталап жиналыс өткізетін жерде өткізілуі тиіс.

3. Қоғам акционерлерінің қайталап өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі соның орнына қайталап жиналыс өткізілетін қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

43-бап. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін талқылануға ұсынылатын мәселелердің нақты қисынын және толық тізбесін келтіре отырып оны шақырып отырған бастамашы жасайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін кемінде он бес күн бұрын мұндай толықтырулар туралы хабардар болған жағдайда жалпы жиналысты шақырып отырған бастамашы, ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

2. Қатысу тәртібімен өткізілетін қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын ашу кезінде оны шақыру бастамашысы жиналыстың күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы хабарлауға міндетті.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысқан қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен қ а б ы л д а н а д ы .

4. Қоғамның дауыс беруші акцияларының жинақтағанда кемінде тоқсан бес пайызына иелік ететін акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) жиналысқа қатысса, олардың көпшілігі күн тәртібіне енгізілетін өзгерістерге дауыс берсе, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіледі немесе т о л ы қ т ы р ы л а д ы .

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгермейді немесе толықтырылмайды .

5. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

44-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті және жеткілікті көлемде ақпарат болуы тиіс.

2. Қоғамның органдарын сайлау жөніндегі мәселелер бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) аты - жөні;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарда мыналар болуы тиіс:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есебі;
- 2) қоғамның жылдық қаржылық есебіне аудиторлық есеп (егер қоғамның жыл сайынғы аудитінің міндеттілігі осы Заңда және басқа заңнамалық кесімдерде белгіленсе);

3) қоғамның директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептелген бір жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсынысы;

4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін бастамашысының қалауы бойынша басқа да құжаттар.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар жиналыс өтетін күнге дейін он күн бұрын, одан кешіктірмей танысу үшін акционерлерге берілуі тиіс.

45-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының кворумы

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлердің тізіміне енгізілген және қоғамның дауыс беруші акцияларының жинақталған елу және одан астам пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген кворум болмаған кезде акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген жоқ деп танылады, бұл жөнінде есеп комиссиясы хаттама жасайды.

2. Қоғам акционерлерінің өткізілмеген жиналысының орнына қайта өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерін қарауға және мынадай мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның болмау салдарынан өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру рәсімі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін қоғамның дауыс беруші акцияларының жинақталған қырық және одан астам пайызын иеленетін акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

Қоғамның он мың және одан астам акционерлері бар жарғысында акционерлердің қайтадан өткізілетін жалпы жиналысына аз кворум (қоғамның дауыс беруші акцияларының он бес пайызынан кем емес) көзделуі мүмкін.

3. Инвестициялық жекешелендірілген қорды қайта құру нәтижесінде құрылған қоғам акционерлерінің қайта өткізілетін жалпы жиналысы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған кемінде бес жүз акционер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда аталған бюллетеньдермен және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде е с е п к е а л ы н а д ы .

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.

46-бап. Қоғамның есеп комиссиясы

1. Есеп комиссиясы акционерлер саны жүз және одан астам болатын қоғамда құрылады.

Есеп комиссиясы қоғамның тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

Акционерлер саны жүзден аз қоғамда есеп комиссиясының функциясын акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.

Қоғам акционерлерінің жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциясы қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

2. Қоғамның есеп комиссиясы үш адамнан кем болмауы керек. Қоғамның есеп комиссиясына оның алқалы органдарының мүшелері, қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға кіре алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізген уақытта қоғамның есеп комиссиясының мүшесі болмаған кезде жиналыс өткізген уақытқа қоғамның есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

3. Қоғамның есеп комиссиясы:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға жиналыстың күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарды береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің дұрыстығын анықтайды және дұрыс бюллетеньдер мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша көрсетілген дауысты санайды;

4) акционерлердің жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілген барлық уақыттың ішінде бар екендігін анықтайды және кворумның бар екендігі немесе

жоқ екендігі туралы хабарлайды;

5) акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауысты санайды және дауыс берудің қорытындысын шығарады;

7) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары жөнінде хаттама жасайды;

8) дауыс беру бюллетеньдерін архивке береді.

4. Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

47-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысындағы өкілдік

1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер жөнінде жеке немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Қоғамның лауазымды тұлғаларының жалпы жиналыста акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайды.

Жеке тұлғалардың өкілдеріне жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхат нотариаттың куәландыруын талап етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес қоғам акционерінің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін қоғам акционерінің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

48-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Заңға, қоғамның ішкі қызметін реттейтін қоғамның жарғысына және басқа құжаттарына, не жалпы жиналыстың тікелей шешіміне сәйкес белгіленеді.

2. Келген акционерлер (олардың өкілдері) жалпы жиналыс ашылғанға дейін тіркеледі. Акционерлердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты беруі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Қоғамның артықшылық берілген акцияларының иесі болып табылатын акционер қоғам акционерлерінің қатысу арқылы өткізілетін жиналысына қатысуға және олар қарайтын мәселелерді талқылауға қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Егер қоғамның жарғысында және қоғам акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбеген болса, оған шақырусыз-ақ басқа тұлғалар қатыса алады. Акционерлердің жалпы жиналысында мұндай тұлғалардың сөз сөйлеу құқығы қоғамның жарғысында немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде белгіленеді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылды.

Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, хабарланған уақытынан ерте ашылмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлады.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) - дауыс беру нысанын белгілейді. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмеген болса, осы тармақта аталған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер акционерлердің жиналысына қатысушылардың бәрі қоғамның атқарушы органына кіретін болса, қоғамның атқарушы органының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төраға күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөйлеген сөздеріне, мұндай сөз сөйлеулер жиналыс регламентін бұзатын болса немесе осы мәселелер бойынша жарыссөздер тоқтатылған жағдайларды қоспағанда бөгет жасауға құқығы жоқ.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысын тоқтата тұру және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде жиналыстың күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды ауыстыру туралы келесі күні шешім қабылдауға құқылы.

7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарағаннан кейін және олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуына жауап береді.

49-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысқан акционерлердің қатысып дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не жалпы жиналыстың отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

2. Қоғамның жарғысы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық немесе жекелеген мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға тыйым салу белгіленуі мүмкін.

3. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғам жалпы жиналысқа дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

4. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізген күнге не акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізбей-ақ сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күніне дейін қырық бес күннен кешіктірмей алушыға жіберілуі тиіс. Акционерлер саны бес жүз және одан да артық болса қоғам акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жиналыс өткізу туралы хабарландырумен бірге баспасөз басылымында жариялауға құқылы.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуы тиіс:

1) қоғамның толық атауы және мекен-жайы;

2) жиналысқа шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің түпкілікті күні;

4) акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізу күні, не акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізбей-ақ сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күні;

5) жиналыстың күн тәртібі;

6) егер жиналыстың күн тәртібінде қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аттары;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) "иә", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің нұсқалары;

9) жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру тәртібінің (бюллетеньді толтыру) түсіндірмесі.

6. Сырттай дауыс беру бюллетеніне жеке тұлға акционер жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беру бюллетеніне оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрі басылуы тиіс.

Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционердің басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есептеледі.

7. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын б о л у ы т и і с .

8. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және аралас дауыс беру пайдаланылған дауыс беруге келсе, оның бюллетені жиналыстың кворумын белгілеу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

50-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру мынадай жағдайларды қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады:

1) заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларда қоғамның бір акционеріне берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс б е р у ;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысатын әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір д а у ы с т а н б е р у .

2. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстар қоғамның алқалы органының мүшелеріне бір кандидат үшін қоғамның акционеріне толық берілуі немесе қоғамның директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттардың арасында да бөлінуі мүмкін. Дауыс ең көп берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып табылады.

3. Егер қоғамның қатысу тәртібімен өткізілген жалпы жиналысындағы дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) жасырын әдіспен дауыс берілген әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуы тиіс, бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуы тиіс:

1) мәселенің тұжырымдамасы және жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік н о м е р і ;

2) мәселелер бойынша "иә", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары және қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру

н ұ с қ а л а р ы ;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

4. Егер акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алу туралы қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайларда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қ о й м а й д ы .

Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер б о й ы н ш а дауыстары е с е п т е л е д і .

51-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары жөнінде хаттама

1. Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беру қорытындылары жөнінде хаттама жасайды және оған қол қояды.

2. Акционердің дауысқа қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болса, қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба жасауға міндетті.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары жөнінде хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер, осылардың негізінде хаттама (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) жасалады, хаттамамен бірге тігіледі және қоғамның архивіне сақтауға беріледі.

4. Дауыс беру қорытындылары жөнінде хаттама акционерлердің жалпы

жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

5. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткізілген акционерлердің жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

6. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде баспасөз басылымында жариялау арқылы акционерлерге хабарланады.

52-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш күннің ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

1) қоғамның толық атауы және мекен-жайы;

2) жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;

- 3) есеп комиссиясының деректеріне сәйкес жиналысқа берілген қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) жиналыстың төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауыс беруші қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына мыналар қол қоюы тиіс:

- 1) жиналыстың төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;
- 2) қоғамның есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) дауыс беретін акциялардың бес және одан көп пайызын иеленетін және жиналысқа қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі қол қояды.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға бас тарту себебін жазбаша түсініктеме бере отырып, қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тігіледі.

5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары жөніндегі хаттамалармен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, сондай-ақ хаттама жазу және хаттама жазудан бас тарту себептері жазылған түсініктемелермен бірге қоса тігіледі. Көрсетілген құжаттар қоғамның атқарушы органында сақталуы тиіс және танысу үшін кез келген акционерге кез келген уақытта беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

53-бап. Қоғамның директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі - осы Заңмен және қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

2. Егер осы Заңда және қоғамның жарғысында басқаша көзделмесе, директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) қоғамның акцияларын жарияланған акциялардың саны шегінде орналастыру және оларды орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға берілетін дивидендтің мөлшерін белгілеу туралы шешімдер қабылдау;
- 7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу;
- 8) қоғамның атқарушы органының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін

белгілеу, оның басшысын және мүшелерін сайлау (қоғамның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) қоғамның атқарушы органының басшысының және мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу (қоғамның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға);

10) ішкі аудит қызметінің сандық және қызметкерлер құрамын, лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

11) аудиторлық ұйым қызметіне төленетін ақының мөлшерін белгілеу;

12) қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;

13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қоғамның атқарушы органы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

14) қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және тарату туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның басқа ұйымдарды құруға және оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) қоғамның меншік капиталының он пайызын және одан астам мөлшерін құрайтын көлемге міндеттемелерін көбейту;

17) бұрынғы тіркеушімен шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

18) қоғамның қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;

19) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

4. Қоғамның директорлар кеңесі қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

54-бап. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамы

1. Жеке тұлға ғана қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:

1) қоғамның акционерлерінен - жеке тұлғалардан;

2) заңды тұлға - акционерлердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың мүдделерін білдіруші ретінде қоғамның директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыным жасалған) тұлғалардан;

3) басқа тұлғалардан (осы баптың 3-тармағында белгіленген шектеулерді ескеріп отырып) сайланады.

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидат үшін немесе оларды қоғамның директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөліп дауыс беруге құқылы. Неғұрлым көп дауыс санын жинаған кандидаттар қоғамның директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер қоғамның директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан көп кандидат тең дауыс санын жинаса, мұндай кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

3. Қоғамның акционері болып табылмайтын және заңды тұлға - акционердің мүдделерін білдіруші ретінде директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыным жасалмаған) жеке тұлға директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Басқа тұлғалардың саны директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

4. Қоғамның атқарушы органының оның басшысынан басқа мүшелері қоғамның директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның атқарушы органының басшысы қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

55-бап. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

1. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер бұл қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмесе және егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде басқаша көзделмесе, шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады, онда қоғамның жаңа директорлар кеңесі сайланады.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

4. Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қоғамның директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер тек осы хабарламада оны беру күнінен алты айдан аспауы тиіс мерзім көрсетілмесе және осы мерзіммен қоғамның директорлар кеңесі келіссе, қоғамның директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

5. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беруші акциялардың жалпы санынан жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады, мұндайда қоғамның директорлар кеңесінің осы мүшелерінің өкілеттігін тұтастай алғанда қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен бірге аяқталады.

56-бап. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы

1. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы, егер қоғам жарғысында басқаша көзделмесе, директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады (қайта сайланады).

Қоғамның директорлар кеңесі төрағаны кез келген уақытта, егер қоғам жарғысында басқаша көзделмесе, қайта сайлауға құқылы.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы қоғамның директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ қоғам жарғысында белгіленген басқа да қызметті жүзеге асырады.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

57-бап. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру

1. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе қоғамның атқарушы органының бастамасы бойынша, не:

- 1) қоғамның директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамның аудиторлық ұйымының;
- 4) ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру жөніндегі талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарды жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті, қоғамның атқарушы органына өтініш беруге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісін директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган егер қоғам жарғысында басқа мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

3. Мәжілістің күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдары қоса берілген директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар егер қоғам жарғысында басқа мерзім белгіленбесе, мәжілісті өткізу күніне дейін кемінде үш күн бұрын директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжілісті өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

4. Директорлар кеңесінің мүшесі қоғамның атқарушы органына директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

58-бап. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісі

1. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворумды қоғамның жарғысы белгілейді, бірақ ол қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны қоғамның жарғысында көзделген санының жартысынан кем болған жағдайда, қоғам өзінің директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның директорлар кеңесінің қалған мүшелері қоғам акционерлерінің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешімді қабылдауға құқылы.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Директорлар кеңесінің шешімдері, егер осы Заңда және қоғам жарғысында басқаша көзделмесе, мәжіліске қатысатын директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

Қоғам жарғысында дауыстар саны тең болғанда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылатындығы көзделуі мүмкін.

3. Қоғамның директорлар кеңесі өзінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

4. Қоғам жарғысында директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер жөнінде директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау мүмкіндігі және мұндай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі мүмкін.

Қоғамның директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және осы шешімді қабылдау үшін директорлар кеңесі мүшелерінің қойған қолдары жеткілікті болғанда жарамды деп танылады.

5. Қоғамның директорлар кеңесінің қатысуымен өткен мәжілісте қабылданған шешімдер хаттама арқылы ресімделеді және оны мәжіліс өткен күннен бастап үш күн ішінде мәжілісте төрағалық еткен тұлға және директорлар кеңесінің хатшысы жасап, қол қоюы әрі онда мыналар болуы тиіс:

1) қоғамның толық атауы және мекен-жайы;

2) мәжіліс өткізілген күн, уақыт және орны;

3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) мәжілістің күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

6. Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері қоғамның архивінде сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолы мен мөрі қойылған хаттаманың және шешімнің көшірмесін беруге міндетті.

59-бап. Қоғамның атқарушы органы

1. Қоғамның ағымдағы қызметіне атқарушы орган басшылық жасайды. Қоғамның атқарушы органы алқалы немесе жеке дара (бұдан әрі - атқарушы орган) болуы мүмкін.

Қоғамның атқарушы органы осы Заң, басқа заңнамалық кесімдер және қоғамның жарғысы қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызбаған, қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Қоғамның атқарушы органы қоғам акционерлері жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Атқарушы органның шешімдерін қоғамның қызметкерлерінің бәрі орындауға міндетті.

Егер қоғам мәмілені жасау кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, өзі белгілеген шектеулерді бұза отырып өзінің атқарушы органы жасаған мәміленің жарамды екенін даулауға құқылы.

2. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері алқалы атқарушы органның мүшелері бола алады.

Атқарушы органның мүшесі қоғамның директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Атқарушы орган мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері осы Заңда және басқа да заңнамалық кесімдерде, жарғыда, сондай-ақ аталған тұлғаның қоғаммен жасаған жеке еңбек шартында (келісім-шартында) белгіленеді. Қоғамның атынан келісім-шартқа қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған қоғамның жалпы жиналысы не директорлар кеңесі уәкілеттік берілген тұлға қол қояды.

Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасының осы Заңда

реттелмеген бөлігі қоғам және оның атқарушы органы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынаста қолданылады.

3. Қоғамның жарғысында алқалы атқарушы органның мүшелері оның басшысының ұсынуы бойынша сайланатындығы белгіленеді.

60-бап. Атқарушы орган басшысының өкілеттігі

Қоғамның атқарушы органының басшысы:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасағанда сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

3) қоғамды үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста таныстыру құқығына сенімхат береді;

4) қоғам қызметкерлерін қабылдайды, орындарын ауыстырады және жұмыстан

босатады, оларға ынталандыру шараларын және тәртіптік жазаларды қолданады, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақы мен оған дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа қоғам қызметкерлеріне сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біреуіне жүктейді;

6) қоғамның атқарушы органы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясын және жауапкершілікті бөледі;

7) қоғам жарғысында және қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген, осы органдардың құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда басқа да қызметті жүзеге асырады.

61-бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін кемінде үш мүшеден тұратын ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері қоғамның директорлар кеңесінің және атқарушы органының құрамына сайлана алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі қоғамның директорлар кеңесіне тікелей бағынады және өзінің жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Қоғамның директорлар кеңесі ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметкерлерінің еңбекақы мөлшерін және төлеу тәртібін белгілейді.

62-бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принциптері

Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал әрі өздері қоғамның және акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары көрсетеді деп негізді түрде санайтын тәсілдерді қолдана отырып орындайды;

2) қоғамның мүлкін қоғам жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өз мақсаттарында пайдалануға жол бермеуге және мүлікті өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасағанда теріс мақсатта пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, қоғамның бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) қоғам алдында олардың іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген шығындар үшін (осы Заңның 63-бабының 1-тармағында көзделгеннен басқа) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді;

5) қоғам қызметі жөніндегі ақпараттың жария болуын және таратылуын бақылайды.

63-бап. Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі

1. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің кінәсінен болған шығындар үшін қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

Мұндайда қоғамға шығын келтірген шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған лауазымды тұлғалар жауап бермейді.

2. Егер осы баптың ережелеріне сәйкес бірнеше лауазымды тұлғалар жауапты болған жағдайда, олардың жауапкершілігі қоғам алдында ортақ болады.

3. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде лауазымды тұлғаға қоғам шеккен шығындарды өтеу туралы сотқа шағымдануға құқылы.

4. Қоғамды мәжбүрлеп таратқан жағдайда оның лауазымды тұлғалары соттың күшіне енген шешіміне сәйкес осы баптың 1-тармағындағы ережені ескере отырып, оның мүлкі жеткіліксіз болған кезде қоғамның міндеттемелері бойынша кредиторлар алдында мүліктік жауапкершілікті атқарады.

6-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

64-бап. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы

1. Мыналар қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылады:

1) қоғамның ірі акционері;

2) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан астам) пайызы қоғамның тікелей немесе жанама иелігінде, пайдалануында және басқаруында болатын заңды тұлға;

3) қоғам оның еншілес немесе тәуелді қоғамы болып танылатын заңды тұлға;

4) қоғамға қатысты оның еншілес ұйымы болып табылатын немесе тәуелді қоғам деп танылатын заңды тұлға;

5) қоғаммен бірге үшінші тұлғаның немесе тұлғалар тобының бақылауындағы заңды тұлға;

6) қоғамның немесе қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлғаның басшы қызметкері;

7) қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлғаның жақын туысы болатын (ата-анасы, зайыбы, жұбайы, ағасы, әпкесі, баласы, қызы, сондай-ақ зайыбының (жұбайының) ағасы, әпкесі, ата-анасы, баласы не қызы) жеке тұлға;

8) қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлғаның

бақылауындағы заңды тұлға;

9) қоғаммен қолданылып жүрген шартқа байланысты заңды тұлға, ол осыған сәйкес қоғам қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама белгілеуге құқылы;

10) өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан астам) пайызын иеленетін, пайдаланатын және басқаратын тұлға;

11) заңнамалық кесімдерге сәйкес қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын басқа тұлға.

2. Қоғамға (басқа заңды тұлғаға) бақылау жасау деп оның қызметіне ықпал ету мүмкіндігі танылады.

65-бап. Қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы

Мыналар қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы болып табылады:

1) дауыс беруші акцияларының (қатысушылар салымдарының) он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан астам) пайызы қоғамның лауазымды тұлғасының тікелей немесе жанама иелігінде, пайдалануында және басқаруында болатын заңды тұлға;

2) қоғамның лауазымды тұлғасының жақын туысы болып табылатын (ата-анасы, зайыбы, жұбайы, ағасы, әпкесі, баласы, қызы, сондай-ақ зайыбының (жұбайының) ағасы, әпкесі, ата-анасы, баласы не қызы) жеке тұлға;

3) қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;

4) қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы;

5) заңнамалық кесімдерге сәйкес қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы болып табылатын тұлға.

66-бап. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәмілелерді жасау ерекшеліктері

1. Өзара аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәмілелерді жасау ерекшеліктерін осы Заң және басқа да заңнамалық кесімдер белгілейді.

2. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен заңнамалық кесімдер белгілеген мәмілелерді жасау тәртібіне қойылған талаптарды сақтамау кез келген мүдделі

тұлғаның шағым-талабы бойынша соттың мәмілені жарамсыз деп тануына негіз болып
т а б ы л а д ы .

3. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен заңнамалық кесімдер белгілеген мәмілелерді жасау тәртібіне қойылған талаптарды бұза отырып мәмілені қасақана жасаған тұлға, егер мұндай талап өз мүддесіне немесе жауапкершіліктен бас тарту ниетіне байланысты туындаса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы жоқ.

67-бап. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары жөніндегі мәліметтерді жария ету

1. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары жөніндегі мәліметтер коммерциялық немесе қызметтік құпияға жатпайды.

2. Қоғам аффилиирленген тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде осы тұлғалардың есебін жүргізуге міндетті.

3. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қоғамға аффилиирлену пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті ұсынуға міндетті.

4. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғалардың тізімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұсынуға міндетті.

7-тарау. ЖАСАЛУЫНА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНГЕН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ

68-бап. Ірі мәміле

1. Мыналар қоғамның ірі мәмілесі болып танылады:

1) қоғамның негізгі қызметіне байланысты мәмілелерден басқа, қоғамның жарғысына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда - он) және одан астам пайызы болатын мүлік сатылатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле немесе өзара байланысқан мәмілелердің жиынтығы ;

2) нәтижесінде қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып ала алатын немесе орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда - он) және одан астам пайызы мөлшерінде қоғамның сатып алған бағалы қағаздарын сататын мәміле немесе өзара байланысқан мәмілелердің жиынтығы;

3) қоғамның жарғысы ірі мәміле ретінде танитын басқа мәміле.

2. Мыналар өзара байланысқан болып танылады:

- 1) сол мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға қатысты осы тұлғамен немесе осы тұлғаның аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын бірнеше мәміле;
- 2) бір шартпен немесе өзара байланысқан бірнеше шартпен ресімделетін мәмілелер;

3) қоғамның жарғысы немесе акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі өзара байланысқан ретінде танитын басқа да мәмілелер.

69-бап. Ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны

1. Ірі мәміленің мәні болып табылатын қоғам иелігінен шығарылатын (сатып алынатын) мүліктің құны ірі мәмілені жасау орнында және сол күнгі осындай мүліктің рыноктық бағасынан төмен (жоғары) болмауы тиіс.

Қоғамның атынан мәмілелер жасауға уәкілетті оның лауазымды тұлғалары заңнамалық кесімдер белгілеген жағдайлардан басқа, адал және қоғамның мүддесіне іс-әрекет жасай отырып, ірі мәмілені рыноктық бағадан едәуір төмен болатын баға бойынша жасауға құқылы. Бұл жағдайда мәміле туралы есеп акционерлердің кезекті жалпы жиналысында қаралуы тиіс.

2. Мүліктің бағасына әсер етуі мүмкін және осы мүліктің сипаттамалары және қасиеттері туралы толық ақпаратқа ие сатушы оны сатуға келіскен, ал аталған ақпаратқа ие мүлікті сатып алушы оны сатып алуға келіскен баға мүліктің рыноктық бағасы деп танылады.

Мүліктің рыноктық бағасы тендерлер, конкурстар, аукциондар өткізу арқылы немесе мүлікті сатудың басқа да ашық нысандарын пайдалана отырып айқындалуы мүмкін.

Егер рыноктық бағасын айқындау қажет болған мүлік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында айналыстағы бағалы қағаздар болса, олардың рыноктық бағасын айқындаған кезде мұндай бағалы қағаздармен мәмілелердің осы рынокта қалыптасқан бағалары және мұндай бағалы қағаздарға ұсыныстар назарға алынуы тиіс. Егер рыноктық бағасын белгілеу қажет болған мүлік қоғамның өзінің акциялары болса, олардың рыноктық бағасын белгілеген кезде қоғамның меншік капиталының мөлшері, қоғамның даму жоспарына сәйкес оның өзгеру болашағы және рыноктық бағасын белгілейтін тұлға маңызды деп санаған басқа факторлар назарға алынуы тиіс.

70-бап. Қоғамның ірі мәмілелер жасауы

1. Қоғамның ірі мәмілені жасауы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына ірі мәмілені жасау туралы негізделген шешімді қабылдау үшін қажетті ақпаратты қоғамның атқарушы органы (құжаттарды қоса бере отырып) ұсынады.

2. Жалпы жиналысқа қатыспаған қоғамның кредиторлары мен акционерлерін хабардар ету мақсатында қоғам акционерлердің жалпы жиналысы ірі мәмілені жасау туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес күн ішінде мәміле туралы хабарды баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

3. Ірі мәмілені жасау туралы шешімге дауыс беруге қатыспаған немесе қарсы дауыс берген акционер қоғамның өзіне тиесілі акцияларды осы Заңда белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқылы.

71-бап. Қоғамның мәміле жасауына мүдделілік

1. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғалары:

1) мәміленің бір тарабы болып табылса немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысса;
2) мәміленің бір тарабы болып табылатын және оған өкіл не делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болып табылса, қоғамның мәміле жасауына мүдделі тұлғалары (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) болып танылады.

2. Қоғамның мәміле жасауына мүдделілік бар акционердің қоғамның акциясын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу бойынша, қоғамның өзінің орналастырған акцияларын сатып алу бойынша жасаған мәмілесі, сондай-ақ қоғамды осы Заңға сәйкес қайта ұйымдастыру мәміле болып табылмайды.

72-бап. Қоғамның мәміле жасауына мүдделілік туралы ақпарат

Осы Заңның 70-бабының 1-тармағында аталған тұлғалар қоғамның директорлар кеңесінің назарына:

1) олардың мәміленің тараптары болып табылатындығы немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) өздері аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп немесе дауыс беретін акциялардың (үлестердің пайларының) он немесе одан да көп пайызын иеленген немесе көпшілік компанияның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін өздеріне белгілі жасалған немесе ықтимал мәмілелер туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

73-бап. Жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау тәртібіне
қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р

1. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасауы туралы шешімді қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылдайды, мұндайда акционерлердің жалпы жиналысына осындай мәмілені жасау туралы негізделген шешімді қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттар қоса беріледі) ұсынылады.

2. Жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау үшін акционерлердің жалпы жиналысы иеліктен шығарылатын мүліктің немесе көрсетілетін қызметтің бағасы, ал сатып алынатын мүлік немесе пайдаланатын қызмет бағасы осы Заңға сәйкес белгіленген осы мүліктің немесе қызметтің рыноктық бағасынан жоғары емес шығындарды белгілеуі тиіс.

3. Егер жасалуына мүдделілік бар мәміле сонымен қатар ірі мәміле болып табылса, оны жасау тәртібіне осы Тараудың нормалары қолданылады.

74-бап. Қоғамның жасалуына ерекше талаптар қойылған мәмілелерге
қ а т ы с т ы м ә м і л е н і ж а с а у с а л д а р ы

1. Ірі мәмілені және жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасау кезінде осы Заңда көзделген талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың шағым-талабы бойынша сот тәртібімен осы мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеп соқтырады.

2. Қоғамның осы Заңда көзделген мәміле жасау тәртібінің талаптарын бұза отырып, мәміле жасауына мүдделі тұлға қоғам алдында қоғамға өзі келтірген зиянның мөлшерінде жауап береді. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олар қоғам алдында бірлесіп жауап береді.

3. Осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген талаптарды бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаушы тұлға, егер осындай талап ету өз пайдасын көздеу немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

8-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ АУДИТІ

75-бап. Қоғамның қаржылық есебі

1. Қоғамның қаржылық есебіне қоғамның бухгалтерлік балансы, оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына сәйкес басқа да е с е п ж а т а д ы .

2. Халықтық акционерлік қоғамның қаржылық есебіне осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, капитал қозғалысы туралы есеп жатуы тиіс.

3. Қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есеп беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

76-бап. Қоғамның жылдық қаржылық есебі

1. Қоғамның атқарушы органы жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін қоғамның өткен жылға жасалған жылдық қаржылық есебін ұ с ы н а д ы .

2. Жылдық қаржылық есеп Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына с ә й к е с ж а с а л а д ы .

3. Қоғамның жылдық қаржылық есебін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күннен кемінде отыз күн бұрын қоғамның директорлар кеңесі алдын ала бекітуі к е р е к .

Қоғамның жылдық қаржылық есебін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы т ү п к і л і к т і б е к і т е д і .

4. Қоғам жыл сайын уәкілетті орган белгілеген мерзімде жылдық қаржылық есебін баспасөз б а с ы л ы м ы н д а ж а р и я л а у ғ а м і н д е т т і .

77-бап. Халықтық акционерлік қоғамның уәкілетті органға қаржылық есепті ұсыну тәртібі

1. Халықтық акционерлік қоғам өзінің қаржылық есебін заңнамаға сәйкес тоқсан сайын уәкілетті органға ұсынуға және баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

2. Халықтық акционерлік қоғам жылдық қаржылық есебін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы бекіткеннен кейін он күннің ішінде уәкілетті органға ұсынады. Халықтық акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есебінің мазмұны мен ұсыну тәртібін у ә к і л е т т і о р г а н б е л г і л е й д і .

78 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң а у д и т і

1. Жылдық қаржылық есептің дұрыстығын тексеру және шынайылығын растау үшін қоғам аудит жүргізуге міндетті.

2. Қоғамның ағымдағы қаржылық есебінің аудиті оның директорлар кеңесінің, атқарушы органының бастамасы бойынша немесе қоғамның ірі акционерінің талап етуі бойынша өткізіледі және қоғамның есебінен төленеді.

3. Егер қоғамның атқарушы органы қоғамның жылдық немесе ағымдағы қаржылық есебінің аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның

шағым-талабы бойынша сот шешімімен тағайындалады.

9-тарау. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

79-бап. Қоғамның ақпаратты жария етуі

1. Қоғам өз акционерлеріне қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты қоғамның қызметі туралы ақпаратты мәлімдеуге міндетті.

Мыналар қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат болып табылады:

1) акционерлердің жалпы жиналысы және қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы жөніндегі ақпарат;

2) қоғамның акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есебін, қоғамның бағалы қағаздарын өтеу нәтижелері туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) қоғамның ірі мәмілелерді және қоғамның мәмілелер жасауына мүдделілік бар мәмілелер ;

4) қоғамның меншік капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде қоғамның қарыз алуы ;

5) қоғамның қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы , қоғамның қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

6) қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

8) баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да

көп пайызы мөлшеріндегі қоғам мүлкінің жойылуына себеп болған төтенше жағдайдың орын алуы;

9) қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының сот тәртібі арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

10) қоғамның жарғысына сәйкес оның акционерлерінің мүддесіне қатысты басқа ақпарат.

2. Халықтық акционерлік қоғам бес күннің ішінде уәкілетті органға осы баптың 1-тармағының 1), 3)-5), 7)-9) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты жіберуге міндетті.

3. Акционерлердің мүддесіне қатысты қоғамның қызметі туралы ақпарат осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес ұсынылады.

80-бап. Қоғамның құжаттары

1. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары өзі қызмет еткен мерзім бойына қоғам орналасқан жерде немесе жарғысында анықталған басқа жерде сақталуы тиіс.

Сақтауға мына құжаттар жатады:

- 1) қоғамның жарғысы, қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) қоғам құрылтайшылары жиналысының хаттамалары;
- 3) құрылтай шарты (қоғамды құру туралы шешім), құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (қоғамды құру туралы шешім);
- 4) қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;
- 5) қоғамның статистикалық карточкасы;
- 6) қоғамның қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыруға алған лицензиялары;
- 7) қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдары;
- 8) жалпы жиналыс өткізуге ұсынылған акционерлердің тізімі;
- 9) қоғамның директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары (сырттай мәжілістің шешімдері), қоғамның директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдары;
- 10) атқарушы органның мәжілістерінің хаттамалары (шешімдері);
- 11) тиісті органдарға ұсынылатын қоғамның қаржылық есебі;
- 12) қоғамның өз балансында тұрған (болған) мүлкіне құқығын растайтын құжаттар;
- 13) аудиторлық есептер;
- 14) бағалаушылардың қоғамның мүлкін бағалау жөніндегі есептері;
- 15) қоғамның ішкі құжаттары;
- 16) қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

- 17) қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жойғанын растайтын құжаттар, сондай-ақ қоғамның уәкілетті органға ұсынған бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу нәтижелері жөніндегі есептерін бекіту;
- 18) қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ереже;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған басқа да құжаттар.

2. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша оған осы Заңда көзделген құжаттардың көшірмесін қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен ұсынады, мұндайда құпия сипаттағы және қоғамның коммерциялық құпиясы бар ақпаратты ұсынуға шектеулер енгізуге жол беріледі.

Құжаттардың көшірмесін беруге ақы төлемдердің мөлшерін қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін әзірлеуге жұмсалған шығыс құны мен құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

10-тарау. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

81-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдасқан кезде қайта ұйымдастырылатын қоғамның кредиторлары осы қоғам борышкер болып табылатын міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және шығындарды өтеуді талап етуге қ ұ қ ы л ы .

3. Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның ішінде орналастырылған акцияларын қоса алғанда оның жарияланған акцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күші жойылады.

82 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң б і р і г у і

1. Екі немесе бірнеше қоғамның өз қызметтерін тоқтатып, өткізу актісіне сәйкес оған барлық мүлкін, құқықтарын және міндеттерін беру арқылы жаңа қоғамның пайда болуы қоғамның бірігуі деп танылады.

2. Бірігуге қатысатын әрбір қоғамның директорлар кеңесі бірігу нысанында қайта ұйымдастыру туралы, өткізу актісі мен бірігу туралы шартты бекіту туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады.

Қоғамның бірігуі туралы шартта бірігуге қатысатын қоғамдардың әрқайсысының атауы, мекен-жайы, олардың бухгалтерлік баланстарының деректері туралы мәліметтердің болуы, сондай-ақ бірігу тәртіптері мен талаптарын, атап айтқанда қоғамның бірігуге тартылған акцияларын құрылатын қоғамның акцияларына айырбастау тәртібін көздеуі тиіс.

Уәкілетті орган олар бірігуге қатысқан жағдайда халықтық акционерлік қоғамның акционерлеріне ұсынуға қажетті ақпарат тізбесін анықтауы мүмкін.

3. Бірігуге қатысатын әрбір қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, өткізу актісі мен бірігу туралы шартты бекіту туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ бірігу туралы шартқа және өткізу актісіне қол қоюға уәкілетті тұлғаларды айқындайды.

4. Жаңа қоғамның жарғысын бекітуді және органдарын сайлауды бірігу туралы шартта анықталған мерзімде өткізілетін жаңа пайда болған қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Жаңа пайда болған қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібіне байланысты ерекшеліктері бірігу туралы шартта айқындалады.

5. Қоғамның бірігуіне қатысушылардың әрқайсысы өзінің барлық кредиторларына бірігу туралы жазбаша хабарлама жібереді және баспасөз басылымында тиісті хабарландыру жариялайды. Хабарламаға осы баптың 2-тармағында көрсетілген қоғамдардың бірігуіне басқа қатысушылар туралы мәліметтер қоса жіберіледі.

83 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң қ о с ы л у ы

1. Қосылу туралы шарттың негізінде және өткізу актісіне сәйкес қосылатын қоғамның барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін басқа қоғамға беруіне байланысты өз қызметін тоқтатуы қоғамның басқа қоғамға қосылуы деп танылады.

2. Қосылатын қоғамдардың директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қосылу нысанында қайта ұйымдастыру, өткізу актісі мен қосылу туралы шартты бекіту жөніндегі мәселені ұсынады.

Қоғамдардың қосылуы туралы шартта қоғамдардың қосылуына қатысатындардың әрқайсысының атауы, мекен-жайы, бухгалтерлік баланстарының деректері туралы мәліметтердің болуы, сондай-ақ қосылу тәртіптері мен талаптарын, атап айтқанда қоғамның қосылуға тартылған акцияларын құрылатын қоғамның акцияларына айырбастау тәртібін көздеуі тиіс.

Уәкілетті орган олар қосылуға қатысқан жағдайда халықтық акционерлік қоғамның акционерлеріне ұсынуға қажетті ақпарат тізбесін айқындайды.

Қосылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қосылу нысанында қайта ұйымдастыру, өткізу актісі мен қосылу туралы шартты бекіту туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ қосылу туралы шартқа және өткізу актісіне қол қоюға уәкілетті тұлғаларды айқындайды.

3. Қосылу жүзеге асырылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының шешуіне өзіне басқа қоғамды қосу нысанында қоғамды қайта ұйымдастыру туралы, қосылу туралы шартты және өткізу актісін бекіту туралы мәселе ұсынады.

Қосылу жүзеге асырылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оған басқа қоғамның қосылуы нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды, өткізу актісі мен қосылу туралы шартты осы Заңда айқындалған тәртіппен бекітеді, сондай-ақ қосылу туралы шарт пен өткізу актісіне қол қоюға уәкілетті тұлғаларды айқындайды.

4. Қосылатын қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қажет болған жағдайда, оны қосылу жүзеге асырылатын қоғамның акционерлері мен қосылатын қоғам акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы қабылдайды.

84 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң б ө л і н у і

1. Қоғамның жаңадан пайда болатын қоғамдарға өзінің барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін беріп, өз қызметін тоқтатуы қоғамның бөлінуі деп танылады. Мұндайда бөлінетін қоғамның құқықтары мен міндеттері бөлініс балансына сәйкес жаңадан пайда болатын қоғамдарға ауысады.

2. Бөліну нысанында қайта ұйымдастырылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қоғамның бөліну нысанында қайта ұйымдасуы, жаңа қоғамдарды құру, қайта ұйымдасатын қоғамның акциясын құрылатын қоғамдардың акцияларына айырбастау тәртібі және бөлу балансын бекіту т у р а л ы м ә с е л е ұ с ы н а д ы .

Акционерлердің жалпы жиналысының қоғамның бөлінуі туралы қабылдаған шешімі қайта ұйымдасатын қоғамның акциясын жаңадан құрылатын қоғамдардың акцияларына айырбастау тәртібін анықтауы тиіс. Қайта ұйымдасып жатқан қоғамның кез келген акционеріне ұсынылатын құқықтар оған тиесілі акцияны жаңадан құрылып жатқан қоғамдардың акциясына айырбастау нәтижесінде қайта құрылатын қоғамның жарғысымен оған берілетін құқықтармен салыстырғанда төмендемейді немесе ш е к т е л м е й д і .

3. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы бөліну туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап кредиторларға бұл шешім бойынша шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер жөнінде хабарлайды.

4. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы бөліну туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі айлық мерзімде өзінің барлық кредиторларына бөліну туралы жазбаша хабарлама жіберуге және баспасөз басылымында тиісті хабарландыру жариялауға міндетті. Хабарламаға бөлу балансы, сондай-ақ жаңа құрылатын қоғамның әрқайсысының атауы, мекен-жайы туралы мәліметтер қоса жіберіледі.

5. Қоғамның бөлінуі нәтижесінде пайда болған қоғамдар қайта құрылған қоғамның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап б е р е д і .

85 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң б ө л і н і п ш ы ғ у ы

1. Бір немесе бірнеше қоғамның өз мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін қайта ұйымдастырылатын қоғамға өз қызметін тоқтатпай-ақ беруі қоғамның бөлініп шығуы деп танылады.

2. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қоғамның бөлініп шығуы нысанында қайта ұйымдастырылуы, бөлініп шығу тәртібі мен талаптары, бөлу балансы және жаңа қоғамды құру туралы мәселелерді ұсынады.

3. Қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлердің жалпы жиналысы бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру, жаңа қоғамдарды құру және қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлеріне тиесілі акцияларды құрылатын қоғамның акцияларына айырбастау тәртібі және бөлу балансын бекіту туралы шешім қабылдайды.

Қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлеріне тиесілі акцияларды айырбастау осы Заңның 84-бабының 2-тармағындағы екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы бөлініп шығу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі айлық мерзімде өзінің барлық кредиторларына бөлініп шығу туралы жазбаша хабарламаны жіберуге және баспасөз басылымына тиісті хабарландыру жариялауға міндетті. Хабарламаға бөлу балансы, сондай-ақ жаңадан құрылатын қоғамдардың әрқайсысының атауы, мекен-жайы туралы мәліметтер қоса жіберіледі.

5. Қоғам бөлініп шыққан кезде қайта ұйымдастырылатын қоғамның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес құрылған қоғамға ауысады.

86 - бап. Қоғамды қайта құру

1. Қоғам қайта құрылатын қоғамның өткізу актісіне сәйкес барлық құқықтары мен міндеттері ауысатын шаруашылық серіктестігі немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы.

2. Қайта құрылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қоғамның қайта құрылуы, қайта құруды жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары, қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау тәртібі туралы мәселе ұсынады.

3. Қайта құрылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның қайта құрылуы, қайта құруды жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары, қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау тәртібі туралы шешім қабылдайды.

4. Қайта құру барысында құрылатын жаңа заңды тұлғаның қатысушылары өздерінің

бірлескен мәжілісінде заңнама кесімдеріне сәйкес оның құрылтай құжаттарын бекіту және органдарын сайлау туралы шешім қабылдайды.

5. Қоғамды қайта құру кезінде қатысушының шаруашылық серіктестігінің төленген жарғылық капиталындағы үлесі (өндірістік кооперативтегі пайы) оған тиесілі акцияның қоғамның орналастырылған акцияларының санына пайыздық арақатынасының негізінде айқындалады.

87-бап. Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы сот шешімін орындамаудың салдары

1. Егер соттың шешімі бойынша қоғамды бөліну немесе бөлініп шығу нысанында мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруға уәкілетті қоғамның органдары қайта ұйымдастыруды осындай шешімде анықталған мерзімінде жүзеге асырмаса, сот біліктілік талаптарына жауап беретін сенімгерлік басқарушыны тағайындайды және оған бөліну немесе бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруды тапсырады.

2. Сенімгерлік басқарушы тағайындалған сәттен бастап оған қоғамның директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының осы Заңның 85 және 86-баптарында көзделген қайта ұйымдастыру талаптарын анықтау жөніндегі өкілеттіктері ауысады.

3. Қоғам атынан әрекет жасайтын сенімгерлік басқарушы бөлу балансын жасайды және оны бөліну немесе бөлініп шығу нәтижесінде құрылған қоғамның жалпы жиналысында бекітілген құрылтай құжаттарымен бірге соттың қарауына береді. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған қоғамды мемлекеттік тіркеу сот шешімі негізінде жүзеге асырылады.

88 - б а п . Қ о ғ а м д ы т а р а т у

1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім кредиторлардың келісімдері бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында заңнамалық кесімдерге сәйкес қабылданады.

2. Қоғамды мәжбүрлеп таратуды заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Қоғамды тарату туралы талапты, егер заңнамалық кесімдерде басқаша көзделмесе, сотқа мүдделі тұлғалар ұсынуы мүмкін.

3. Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы (таратушы) тағайындалады.

Тарату комиссиясы қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған әрекетті жасау бойынша

өкілеттіктер

иеленеді.

Тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар енгізілуі тиіс.

4. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акцияларының күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылады.

89-бап. Таратылатын қоғамның мүлкін акционерлердің арасында бөлу

1. Таратылатын қоғамның кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан

кейін қалған мүлкін тарату комиссиясы (таратушы) акционерлердің арасында мынадай кезектілікпен бөледі:

1) бірінші кезекте осы Заңға сәйкес сатып алынуға тиіс акциялар бойынша төлемдер төленеді;

2) екінші кезекте артықшылық берілген акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтер төленеді;

3) үшінші кезекте жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтер төленеді;

4) төртінші кезекте артықшылық берілген акциялардың құны өтеледі;

5) бесінші кезекте жай акциялардың құны өтеледі.

Қалған мүлік барлық акция иелерінің арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай теңбе-тең бөлінеді.

2. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін орындалады.

Егер таратылатын қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеуге және артықшылық берілген акциялардың нақты құнын өтеуге жеткіліксіз болса, аталған мүлік толықтай осы санаттағы акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай теңбе-тең бөлінеді.

11-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

90-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң күшіне енгенге дейін құрылған қоғамдар осы Заң күшіне

енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағындағы талаптарды орындамаған қоғамдар аталған тармақта белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей қоғамды қайта ұйымдастыруға немесе таратуға міндетті.

91-бап. Осы Заңның күшіне енуі

Осы Заң 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.,

Омарбекова А.Т.